

# Франциядағы денсаулық сақтау моделі



- Бүкіләлемдік Денсаулық сақтау Ұйымы 191 елдің денсаулық сақтау саласын жете зерттеп, ең үздік деп Францияны атады. Зерттеу мынадай критерийлерге сүйеніп жасалды: тиімділік, қолжетімділік, халық мұқтаждығына сәйкестік. Францияда ең жақсы ауруханалар, ең білікті дәрігерлер, заманауи техникалық жабдықтау және осының бәріне халық толықтай қолжеткізе алады.

- Денсаулық сақтау жүйесі Франция халқының сұранысына толықтай жауап береді. [Евро](#) Кеңестегі өзге елдерге қарағанда Францияда туылу және өлім деңгейі жақсы көрсеткішке жетті, алайда СПИД індетіне шалдыққандар және алкоголь мен шылым пайдалану деңгейінің жоғары болуы жақсы көрсеткіштерге кері әсер етеді.

- Медициналық көмекке халықтың бір деңгейде қолжетімділігін Ұлттық медициналық сақтандыру қамтамасыз етеді. Ұлттық медициналық сақтандыру Франция халқының 99% қамтиды. Франция азаматының медициналық сақтандыруына қаржы азаматтың жалақысынан ұсталып отырады. Тіпті зейнеткерлерден де медициналық сақтандыруға ақша ұсталады. Азамат аяқ астынан ауруханаға түскен кезде оның емінің ақысын медициналық сақтандыру төлейді.